



## ГУМАНИТАРЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТ



### Факультет 1990 құрылды.

#### Зерттеулер бағыты :

-кәсіби тілге оқытудың теориялық әдістемелік негіздерін зерттеу;

-Адам болмысын жетілдірудегі қазіргі әлеуметтік-саяси, экономикалық дамулардың рөлін анықтау және оның тарихи- философиялық талдаулары;

-жоғары білім беруді дамытудың теориялық әдіснамалық негізін қалыптастыруды зерттеу және әзірлеу. Осы бағыттағы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында факультет оқытушылары келесі жұмыстарды атқарады:

-ғылыми зерттеу жұмыстарына қатысады және оларды түрлі халықаралық, республикалық, ЖОО аралық және университетішілік ғылыми- практикалық конференцияларда және әр түрлі басылымдар жарияланымдарында ресми мақұлдаудан өткізеді;

-қаржыландырылған және бастамашыл конкурстарға қатысады; ғылыми-әдістемелік семинарлар, «дөңгелек үстелдер» әр түрлі өзекті тақырыптардағы

конференциялар ұйымдастырады және өткізеді.

**Ғылыми әлеует:** 4 ғылым докторы, 22 ғылым кандидаты және 17 магистр.

#### 2009-2012 жылдар аралығында келесідей зерттеулер жүргізілді:

-жаһандану үрдістері: Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік сәйкестіктері;

-Қазақстанның ұлттық идеясын қалыптастырудың дүниетанымдық және концептуалды- әдіснамалық негіздері;

- этникалық әр түрлі қазақстандық қоғамның толеранттылығының негізгі мәселелерін анықтау;

-Қазақстанда орта таптарды қалыптастырудың

субъективті факторларын анықтау.

Жүргізілген ғылыми зерттеу нәтижелері бойынша 2 ғылыми кітапша жарық көрді: «Қазіргі қазақстандық қоғамды қалыптастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу» және «Қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік құрылымындағы өзгерістердің қозғаушы күштері мен оның көздерін ашу».

#### Келесідей зерттеулер жүргізілуде:

-ҚР агроөнеркәсіп кешенін дамытуды жеделдетуге арналған аграрлық білім беру жүйесін модернизациялаудың инновациялық әдістері;

-прагматикалық аспектідегі лингвомәдениеттану мәселелері;

-Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы мен дамуындағы ҚР Тұңғыш Президентінің рөлі;

-терминологияның әдістемелік және теориялық негізі;

-тілдік емес ЖОО-да шетел тілін оқыту әдістемесі; - Жаһандану кезеңіндегі Қазақстан жастарына рухани адамгершілік тәрбие беру мәселелері.

Беларуссия ғалымдарымен бірлесіп 2 жоба жүзеге асырылуда: Қазақстан Республикасы және Беларуссия Республикасының агроөнеркәсіп кешендерін экономикалық интеграциялау жағдайында кадрлық қамтамасыз ету» және БМУ кәсіби білім беру жүйесін интернационалдау, сонымен қатар, «С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ мен Беларус аграрлық-техникалық университетінде қабылданған білім технологиясын Қазақстан және Беларусияның аграрлық білім беру жүйесін интеграциялау мен жетілдіру мақсатында салыстырмалы талдау»

**Әріптестері:** Беларуссия мемлекеттік университеті, Беларуссия агротехникалық университеті.

**Гуманитарлық факультет базасында 2012 жылы «Гуманитарлық зерттеулер мен білім беру технологиясының ғылыми-зерттеу орталығы құрылды.**

